

**6D011000 – «Физика» мамандығы бойынша «философия докторы»  
(PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Искакова Анаргүл Батырбаевнаның  
«Жоғары оқу орнында физика курсы техникалық мамандықтарға оқыту  
әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми  
кеңесшінің**

**ШКІРІ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Искакова Анаргүл Батырбаевнаның диссертациялық жұмысы жоғары оқу орнында физика курсы техникалық мамандықтарға оқытудағы әдістемесін жасауға және оны жүзеге асыруға бағытталған. Ғылыми әдебиеттерге шолу мен талдаудың және жоғары оқу орнының техникалық мамандықтарына физиканы оқытудың әдістемесін қайта қарастыру мәселелерін зерттеу нәтижесінде анықталынған қарама-қайшылықтар зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді. Осыған байланысты Искакова А.Б. жоғары оқу орындарындағы техникалық бағыттағы мамандықтардың білім беру бағдарламаларын еңбек нарығы мен еліміздегі экономиканың қоятын талаптарына қарай және кәсіби тұрғыда ойлай алатын инженерлердің жаңа буынын тәрбиелеуге деген қажеттілікке бағытталуы керек деп санайды. Осы бағытта докторанттың жүргізген анықтау экспериментінің нәтижесінде техникалық мамандықтарға физика курсы оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялардың түрлері анықталынды.

**Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі**

Искакова Анаргүл Батырбаевна өзінің диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесінде келесі ғылыми-педагогикалық нәтижелерге қол жеткізді:

- техникалық мамандықтарға арналған физика курсының құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері, орта мектеп пен жоғары оқу орнында физика курсы оқытудағы сабақтастық айқындалды;

- техникалық мамандықтарға физика курсы оқытуда студенттердің оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдері, дәстүрлі емес дәрістер мен өзіндік жұмыс түрлері, студенттердің білімін бақылау жұмыстары анықталды;

- техникалық мамандықтарға физика курсы оқытудың әдістемелік жүйесі, яғни оқытудың мақсаты, білім мазмұны мен оқу процесінде жобалық және транспәндік оқыту технологияларын жүзеге асыру әдістемесі жасалынды.

Ғылыми проблемаларды анықтау барысында зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулерге талдау жүргізу және оларды жинақтау әдіснамасы қолданылды. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық зерттеудің эмпирикалық, теориялық және эксперименттік әдістері қолданылып, алынған нәтижелер әрі қарай индуктивтік және сипаттамалы статистика әдістері негізінде математикалық өңдеуден өткізілді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Физика, математика және аспап жасау» және Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы

энергетика және байланыс университетінің «Ғарыштық инженерия» кафедраларының оқу процесіне ендірілген.

### **Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы**

Докторант концептуалдық модельдің барлық құраушы элементтері қалыптастыру экспериментінің барысында жүзеге асырылды. Педагогикалық эксперимент барысында докторант теориялық және практикалық маңыздылыққа ие болатын келесі нәтижелерге қол жеткізді:

1) «Аспап жасау» мамандығының білім беру бағдарламасымен берілген «Физика» курсы оқытуға арналған дидактикалық контент әзірленді;

2) жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша білім алатын студенттерге физика курсы оқыту барысында қосымша дидактикалық материал ретінде ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтардан тұратын «Экономикадағы физикалық модельдер» атты оқу құралы баспадан шығарылды;

3) жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша іргелі және бейіндеуші пәндердің мазмұнындағы сабақтастықты жүзеге асыру мақсатында «Ақпараттық-өлшеуіштік технологиялар негіздері» оқу құралы жарық көрді.

### **Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер**

Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан құрылымдық логикаға сай жазылған. Докторанттың зерттеу жұмысы талаптарға сай рәсімделген.

### **Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі**

А.Б. Искакованың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарға сай. Докторанттың ғылыми жариялығандары Scopus мәліметтер қорына енген шетел басылымында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда жарияланған.

### **Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс**

Докторанттың қорғауға ұсынып отырған зерттеу нәтижелері мен ережелері ғылыми негізделген және эксперименттік тұрғыда расталған деп айтуға болады. «Жоғары оқу орнында физика курсы техникалық мамандықтарға оқыту әдістемесі» тақырыбы бойынша дайындалған ғылыми жұмыс аяқталған, ғылыми әдістемелік қолданысқа ие және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді. Осыған байланысты Искакова Анаргүл Батырбаевнаның дайындаған диссертациялық жұмысы «6D011000 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

**Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика ғылымдарының докторы, профессор**

